

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және Бәйтерек ауданы Железнов ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 5 "Бәйтерек ауданы Железнов ауылдық округі Новенький ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімін күші жойылды деп тану туралы**

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Атамекен ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 24 мамырдағы № 10 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 29 мамырда № 7172-07 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Бәйтерек ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық–санитариялық инспекторының 2021 жылғы 8 маусымдағы №10-12-190 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Ірі қара мал арасында бруцеллез ауруын жою бойынша ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты, Бәйтерек ауданы Атамекен ауылдық округі Қайнар ауылының аумағында белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Бәйтерек ауданы Железнов ауылдық округі әкімінің "Бәйтерек ауданы Железнов ауылдық округі Новенький ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2020 жылғы 22 мамырдағы №5 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6251 болып тіркелді) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Атамекен ауылдық округінің әкімі*

*Ф. Умбеткалиев*